

Еуразия гуманитарлық институты



Күсайынов

**САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ РЕЖИМДІ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ РЕГЛАМЕНТІ ЖӘНЕ ОНЫ
ЕУАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ БІЛІМ
АЛУШЫЛАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ САҚТАУЫ**

НҰР-СҰЛТАН

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Регламентті әзірлеу кезінде мынадай нормативтік құжаттар пайдаланылды:

1) «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы № 387-ІІ Заңы;

2) «ҚР төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 1 мамырдағы № 35 қаулысы;

3) Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» 2020 жылғы 27 шілдедегі № 46 қаулысы;

4) ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» 2020 жылғы 15 тамыздағы № 48 қаулысы;

5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

6) Еуразия гуманитарлық институтының Ішкі тәртіп ережелері.

2. Негізгі терминдер мен анықтамалар

2.1. Осы Регламентте қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

Антисептик дәрілер (антисептиктер) – бұл микроорганизмдерді құртатын немесе олардың көбеюі мен дамуын кідіретін заттар.

Дезинфекция – бұл жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын жоюға және олардың теріге, шырышты қабықтарға және жараның бетіне түсуіне жол бермеу үшін сыртқы орта объектілеріндегі токсиндерді жоюға бағытталған шаралар кешені. Бұл залалсыздандырудың бір түрі болып табылады. Дезинфекция оларды толығымен жоя алмайды, бірақ микроорганизмдердің санын қолайлы деңгейге дейін азайтады.

Дезинфекциялық тоннель – ауаны, адам терісінің ашық жерлерін, қызметкерлер мен келушілердің арнайы киімдері мен сыртқы киімдерін дезинфекциялау және зарарсыздандыру үшін қолданылады.

Қашықтықтан оқыту (ҚО) – білім алушы мен педагогтің оқу процесіне тән барлық компоненттерді білдіретін (мақсаттары, мазмұны, әдістері, ұйымдастырушылық нысандары, оқыту құралдары) және педагогикалық, сондай-ақ ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, оқыту құралдарымен қашықтықтан өзара іс-қимылы.

Карантин – жұқпалы аурулардың жаппай таралуына жол бермеуге бағытталған түрлі шаралар кешені (шығуға және кіруге тыйым салу немесе шектеу, науқастар және олармен араласқан адамдарды анықтау және оқшаулау және т.б.).

Эпидемияға қарсы шаралар - инфекция көзінен сезімтал ағзаға берілу жолдарының қалыптасуын немесе үзілуін болдырмауға, сондай-ақ осы

сезімтал ағзаның сыртқы және ішкі жұқпасын алдын алуға бағытталған іс-шаралар кешені.

Санитайзер – бактерияға қарсы гель, қолды дезинфекциялау үшін, сондай-ақ беттерді дезинфекциялау үшін қолданылады.

Санитарлық-гигиеналық талаптар – білім алушылар мен қызметкерлердің институт ғимараттарында және аумағында болуы үшін қауіпсіздік өлшемдерін белгілейтін талаптар.

Санитарлық-ағарту және түсіндіру жұмыстары – салауатты өмір салтын қалыптастыруға, аурулардың алдын алуға, денсаулықты сақтау мен нығайтуға бағытталған ағартушылық, үгіт-насихат іс-шараларының жиынтығы.

Санитарлық-эпидемиологиялық режим – институтта жұқпалы аурулардың таралуын болдырмауға және білім алушылардың, қызметкерлердің санитарлық-гигиеналық талаптарды мүлтіксіз сақтауына бағытталған шаралар кешені.

Тепловизор – адам денесінің қызуын қашықтықтан (түйіспесіз) өлшеуге мүмкіндік беретін әмбебап құрылғы.

Қашықтан жұмыс – жұмыс беруші мен қызметкер бір-бірінен қашықтықта, қазіргі заманғы байланыс құралдарының көмегімен функционалдық міндеттерін орындайтын жұмыспен қамту нысаны.

Төтенше жағдай – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын қорғау мүдделерінде ғана қолданылатын және азаматтардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарына жекелеген шектеулер белгілеуге жол беретін және оларға қосымша міндеттер жүктейтін, мемлекеттік органдар, ұйымдар қызметінің ерекше құқықтық режимі болып табылатын уақытша шара.

3. Институт ғимараттарында және аумағында санитарлық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету

3.1. Студенттерді оқытудың аралас форматын ұйымдастыру кезінде медициналық пункттің жұмысын күшейтілген режимде қамтамасыз ету.

3.2. 65 жастан асқан адамдар және ауруы бойынша диспансерлік есепте тұрған адамдар дәстүрлі форматта сабақ өткізген жағдайда кесте жасау кезінде қызметкерлердің осы санатының институт аумағында жүріп-тұруын шектеу.

3.3. Институтта алдын алу мақсатында этиологиясы әртүрлі вирустық инфекциялардың өсу кезеңінде ғимараттар мен аумақтарда дезинфекция (өңдеу) жүргізіледі.

3.4. Дезинфекция жүргізу үшін Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген құралдар қолданылады.

3.5. Институт үй-жайларын, аумақтарын дезинфекциялауды дезинфекциялық жұмыстарды қауіпсіз жүзеге асыру бойынша нұсқаулықтан өткен қызметкерлер жүргізеді.

3.6. Өңдеу жеке қорғаныш құралдарын (қорғаныш халаттар, қолғаптар, әмбебап респираторлар, резеңке етіктер) қолдана отырып жүргізіледі.

3.7. Ағымдық дәрісханаларды (сыйымдылығы 50 адамнан астам) тазалаушылар бактерицидті шамды 15 минутқа қосу және кейіннен желдету арқылы әрбір 4 сағат сайын өңдейді.

3.8. Барлық оқу аудиторияларын, кабинеттерді желдету және ылғалды жинау күн сайын таңғы 7.30-ға дейін, ауысымдар арасында (сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін) жүргізіледі, бұл ретте есіктердің тұтқалары, үстелдер, парталар, терезе алды тақтайлары дезинфекциялау және жуу құралдарымен сүртіледі.

3.9. Санитарлық тораптарды өңдеу пайдалануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, әрбір 2 сағат сайын жүргізіледі.

3.10. Барлық ғимараттардағы санитарлық тораптар антисептикалық құралдары бар санитайзерлермен / дозаторлармен жабдықталған.

3.11. Дәліздерде, корпустардың рекреацияларында және тамақтану пункттерінде қолжетімді және көрінетін жерлерде антисептикалық құралдары бар санитайзерлер/дозаторлар орналастырылған.

3.12. Жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, дәліздерді ылғалды жинауды әрбір 3 сағат сайын жүргізу.

3.13. Институттың тамақтану пункттерінде техникалық үзіліс кезінде әрбір 4 сағат сайын кемінде 15-20 минут бактерицидті шамдарды пайдалану жүзеге асырылады. Желдету және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды жинау әрбір 6 сағат сайын жүзеге асырылады. Әр сағат сайын арнайы дезинфекциялық құралдармен үстелдер, орындықтар өңделеді. Үстелдер, есіктердің тұтқалары, орындықтардың арқалары, асханаға кіре берісте қол жууға арналған раковиналар, өзіне-өзі қызмет көрсету сөрелері ауысым аяқталғаннан кейін дезинфекциялау құралдарымен сүртіледі.

3.14. Төтенше жағдай / карантин жағдайларында немесе карантиннен кейінгі кезеңде тамақтану пункттерінде үстелдер, орындықтар кемінде 1 метр қашықтықты сақтай отырып орналастырылады.

3.15. Тамақтану пункттерінің қызметкерлері арнайы санитарлық киіммен (халаттар, бас киімдер, орамалдар, таңғыштар), сондай-ақ жеке қорғаныш құралдарымен (маскалар, бір рет қолданылатын қолғаптар, олар әр 2 сағат сайын ауыстырылуы қажет) қамтамасыз етілуі тиіс.

3.16. Институт аумағын дезинфекциялық құралдармен өңдеуді қажет болған жағдайда алдағы өңдеу туралы хабарлай отырып, таңертеңгі немесе кешкі сағаттарда жүргізу қажет.

4. Институт ғимараттарына кіру кезіндегі бақылау

4.1. Институтқа кіре берісте жедел респираторлық ауру белгілері (жоғары температура, жөтел, мұрынның бітелуі) жоқ адамдарды объектіге жібере отырып, қызметкерлер мен келушілерде байланыссыз термометрия жүргізу ұйымдастырылады.

4.2. Объектілерде кварц және бактерицидті шамдарды немесе бактерицидті әсері бар ауа рециркуляторларын пайдалана отырып, ауаны міндетті түрде залалсыздандыру жүргізіледі. Кварц және бактерицидті шамдарды пайдалану ережелерді қатаң сақтау арқылы адамдар болмаған кезде үй-жайларды міндетті түрде желдетету жолымен жүзеге асырылады. Ауа рециркуляторларын адамдардың қатысуымен пайдалануға рұқсат етіледі.

4.3. Объектінің үй-жайларына мынадай адамдар жіберілмейді:

- 1) COVID-19 жағдайлары расталған байланысушылар;
- 2) қызметкерлерді қоса алғанда, жіті респираторлық аурулар (жоғары температура, жөтел, мұрынның бітелуі) байқалған адамдар.

4.4. Объектінің үй-жайларына маскасыз кіруге жол берілмейді. Келушілердің ғимараттарда міндетті түрде маска киіп жүруі қамтамасыз етіледі.

4.5. Институт ғимаратына кіре берісте дезинфекциялау құралымен суландыру әдісімен суланған дезинфекциялау кілемшесі орнатылған.

5. Институт ғимараттарында және аумағында білім алушылардың санитарлық-эпидемиологиялық режимді сақтауы

5.1. Институт білім алушылары санитарлық-эпидемиологиялық режимді сақтау мақсатында өз қауіпсіздігі және басқа адамдардың қауіпсіздігі үшін мынадай шараларды сақтауға міндетті:

1) Институт ғимараттарында маска режимін сақтау, өзімен бірге жеке пайдалануға арналған антисептикалық тері құралдары болуға тиіс.

2) Аралас форматта оқитын студенттер сабақ кезінде аудиторияларда және аудиториядан тыс жерлерде міндетті түрде бетперде киюлері керек. Бетпердесіз студенттер аудиторияға жіберілмейді.

3) Институтқа кірген кезде температураны өлшеуге қарсылық көрсетпеу.

4) Тамақтану пункттеріне барған кезде қолды жуу немесе антисептик құралдарымен өңдеу.

5) Санитарлық торапқа әр келген соң қолды жуу немесе оны антисептик құралымен өңдеу.

6) Төтенше жағдай/карантин жағдайында немесе карантиннен кейінгі кезеңде қашықтықтан оқыту форматына көшу туралы жарияланған кезде жатақханада тұратын білім алушы мүмкіндігі болған жағдайда ата-анасының/заңды өкілдерінің тұрғылықты жеріне жетуге және қашықтықтан оқытуды жалғастыруға құқылы.

7) Ата-анасының/заңды өкілдерінің тұрғылықты жеріне жету мүмкін болмаған жағдайда білім алушы жатақханада қалады және төтенше жағдай/карантин және карантиннен кейінгі кезең жағдайларында барлық қажетті санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтауға міндетті.

8) Төтенше жағдай / карантин жағдайында немесе карантиннен кейінгі кезеңде дәрісханаларда сабақ өту кезінде білім алушылар әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып орналасуға міндетті (партаға 1 студент).

9) ЖРВИ немесе өзге де вирустық инфекция белгілері болған кезде институтқа бармауы және тұрғылықты жері бойынша медициналық мекемеге жүгінуі қажет. Бұл ретте білім алушы өзінің жай-күйі туралы топ кураторына немесе топ старостасына хабарлауға міндетті. Сауыққаннан кейін білім алушы медициналық анықтаманы ұсынуға міндетті.

10) Институтта болған уақытта дене қызуы немесе дімкәстік белгілері пайда болған кезде білім алушы медициналық пунктке кеңес алу үшін жүгіне алады. Бұл ретте білім алушы өзінің жай-күйі туралы топ кураторына немесе топ старостасына хабарлауға міндетті. Тұрғылықты жері бойынша емделуге жіберілген жағдайда ол медициналық анықтама ұсынуға міндетті.

11) Аралас форматта оқитын студенттерге COVID-19, өкпе пневмониясының немесе басқа да вирустық аурулардың белгілері болған жағдайда олардың өтініші негізінде қашықтықтан оқытуды жалғастыруға міндетті. Өтініштер институттың сапаны қамтамасыз ету комитетінің отырысында қаралады.

6. Қызметкерлердің ғимараттарда және институт аумағында санитарлық-гигиеналық талаптар ережелерін сақтауы

6.1. Институт қызметкерлері санитарлық-эпидемиологиялық режимді сақтау мақсатында өз қауіпсіздігі және басқа адамдардың қауіпсіздігі үшін мынадай шараларды сақтауға міндетті:

1) институт ғимараттарында маска режимін сақтау, өзімен бірге жеке пайдалануға арналған антисептикалық тері құралдарын алып жүру;

2) институтқа кірер кезде температураны өлшеуге қарсы әрекет етпеу;

3) тамақтану пункттеріне барған кезде қолды жуу немесе антисептик құралымен өңдеу;

4) санитарлық торапқа әр келген соң қолды жуу немесе антисептик құралымен өңдеу;

5) ЖРВИ немесе өзге де вирустық инфекция белгілері болған жағдайда институтқа келмеу және тікелей басшысы мен институттың кадр бөліміне алдын ала хабарлап, тұрғылықты жері бойынша медициналық мекемеге жүгіну;

б) институтта болған кезде температура немесе сырқаттану белгілері пайда болған кезде медициналық пунктке кеңес алу үшін жүгіну. Бұл ретте тікелей басшысы мен институттың кадрлар бөлімін денсаулық жағдайы туралы хабардар ету;

7) институттың барлық қызметкерлері осы Регламентпен қол қоя отырып, танысуы тиіс. Танысу парағы қызметкердің жеке ісіне салынады;

8) жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде кадрлар бөлімі міндетті түрде жаңа қызметкерді қол қойдырта отырып, осы Регламентпен таныстыруы және одан әрі олардың орындалуын талап етуі қажет.

7. Оқу үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талаптар

7.1. Төтенше жағдай/карантин жағдайларында немесе карантиннен кейінгі кезеңде мынадай талаптарды орындау және сақтау қажет:

1) Аудиторияларда сабақ өткізу кезінде әлеуметтік қашықтықты (2 м) ескере отырып, толымдылығын 40%-дан асырмай қамтамасыз ету қажет. Зертханалардағы толымдылық (әлеуметтік қашықтық – 5 шаршы метрге 1 адам);

2) Сабақтарды өткізу кестесін ауаны зарарсыздандыру мен желдетуді қоса алғанда, дәрісханаларға санитарлық өңдеу жүргізуге қажетті уақытты ескере отырып жасау керек деген есеппен өзгерту.

3) Дәрісханаларға санитарлық өңдеу жүргізу үшін әр ауысымда кемінде 20 минут үзілісті есепке алу. Жылжымалы өзгеру кестесі ұсынылады.

4) Спорт залында сабақ өткізу кезінде 1 шаршы метрге 1 адамнан әлеуметтік қашықтықты ескере отырып, білім алушылардың болуын қамтамасыз ету, бұл ретте залдың толық толтырылуынан бір мезгілде болуы 50%-дан аспауы тиіс.

7.2. Аралас оқыту форматы сабақтардың мынадай арақатынасын болжайды: дәрістер – онлайн, семинарлар және практикалық сабақтар күндізгі форматта (кампуоста).

1) сабақ аяқталғаннан кейін аудиторияның уақытында босатылуын бақылау қамтамасыз етілсін.

8. Төтенше жағдай/карантин жағдайында немесе карантиннен кейінгі кезеңде институт қызметін ұйымдастырушылық және техникалық қолдау

8.1. Төтенше жағдай/карантин жағдайларында немесе карантиннен кейінгі кезеңде мынадай талаптарды орындау және сақтау қажет:

1) құрылымдық бөлімшелердің басшылары қызметкерлердің жұмыс кестесінде кабинеттерде санитарлық өңдеу (ылғалды жинау, желдету және қажет болған жағдайда ауаны залалсыздандыру) жүргізу үшін әрбір 3-4 сағат сайын кемінде 15-20 минут техникалық үзілістерді ескеру;

2) қызметкерлер үшін ғимараттың бөлмелерінде бір-бірінен 1 метрден астам қашықтықта болатын жағдайларды барынша қамтамасыз ету;

3) конференц залында іс-шараларды өткізу кезінде ұйымдастырушылар залды алдын ала залалсыздандыруды, оны желдетуді және білім алушылардың, қызметкерлердің, іс-шара қонақтарының арасында кемінде 1

метр әлеуметтік қашықтықты ескере отырып, оларды отырғызуды қамтамасыз етуі қажет;

4) кітапхана басшысы әр 4 сағат сайын оқырман залдарын залалсыздандыруды, әр 3 сағат сайын оларды желдетуді қамтамасыз етуі, әлеуметтік қашықтықты (олардың арасында 1 метрден кем емес) ескере отырып және үстел басына 2-3 адамнан артық емес орналастыруды ұйымдастыруы қажет;

5) тамақтану пункттерінде олардың арасында кемінде 1 метр әлеуметтік қашықтықты қамтамасыз ете отырып, 5 адамнан артық кезектің пайда болуына жол бермеу. Үстелдердің орналасуы келушілер арасында кемінде 1 метр қашықтықты қамтамасыз етуі тиіс;

6) бағдарламашылар қажет болған жағдайда қашықтықтан оқытуға және қызметкерлерді қашықтықтан жұмыс істеуге көшіруді ескере отырып, серверлердің, корпоративтік желінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуі тиіс;

7) білім алушылар мен қызметкерлер үшін инфографика (жадынама, нұсқаулықтар және т.б.) түріндегі ақпараттық материалды ұсына отырып, COVID-19 профилактикасы бойынша санитарлық-ағарту жұмысын тұрақты негізде жүргізу;

8) әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректор білім алушылар мен қызметкерлер арасында жеке гигиена ережелерін сақтау қажеттілігі туралы тұрақты нұсқама өткізуді қамтамасыз етуі және олардың мүлтіксіз сақталуын бақылауы тиіс;

9) әкімшілік-шаруашылық жұмыс жөніндегі менеджер өңдеуді жүзеге асыратын техникалық персоналды (еден жуушыларды) қажетті жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етуі тиіс: халат, қолғап, медициналық маска. Жинау құрал-сайманы (шелектер, щеткалар, шүберектер) пайдаланылғаннан кейін жақсы жуылады және арнайы бөлінген орындарда сақталады;

10) әкімшілік-шаруашылық жұмыс жөніндегі менеджер түшкіру және жөтел кезінде пайдаланылған маскаларды, қолғаптарды, майлықтарды жою үшін арнайы орындарды қамтамасыз етуі қажет.

Институт ректорының 2020 жылғы 10 тамыздағы № 160 бұйрығымен бекітілген.

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 28.12.2020 ж. № 548 бұйрығы негізінде Регламентке ректордың 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 6 бұйрығымен толықтырулар енгізілді.